

«Ол халық жауы» деген сөзді естігенде оне бойың тітіркеніп, бір түрлі күй кешеміз. Зар заманның құрбаны болған бейкүнә жандар есімізге түседі. Ол заман көрген бір қорқынышты түс сияқты.



...1937-1953 жылдар аралығында Ақмола облысындағы 26-нүкте деп аталатын мекенде Карлагтың 17-бөлімшесі – АЛЖИР лагері болған. 1937 жылы тамыздың 15-і күні КСРО Ішкі істер халық комиссариатының «Отанын сатқандардың отбасы мүшелерін жаппай қудалау туралы» Жарлығына сәйкес, бірнеше айдың ішінде қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың әйелдері мен балалары қамауға алынып, мал таситын вагондармен АЛЖИР-ге жеткізілген. Қаншама халық осы Сталиндік Қызыл террордың қанды қырғынына аяусыз ұшырады. Бүгін біз АЛЖИР және ондағы естеліктер жайлы Целиноград ауданының мемлекеттік архивінде қалған деректерден сыр шертеміз.

Иван Иванович Шарфты бұл өңірде білмейтіндер некен-саяқ шығар. Неміс азаматы Иванның әкесі – репрессия құрбаны, ал анасы Қазақстанға жер аударылып, осында қайтыс болған. Үш жасында жетім қалған Иванны жергілікті қазақтар панасына алған. Есейе келе «Ақмола Феникс» кәсіпорнын ашқан Иван Шарф өскен ауылына көп жақсылық жасады. 1989 жылы газетке «АЛЖИР кімнің есінде?» деген хабарландыру берді. Ол кезде сталиндік репрессия туралы ешкім тіс жармайтын. Сондай қиын кездің өзінде Малиновкада қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Қақ айырылған жұлдыз» ескерткішін ашып, АЛЖИР тұтқыны болған әйелдердің алғашқы кездесуін ұйымдастырды. Ескерткіштің ашылу салтанатына АЛЖИР азабын тартқан 15 әйел қатысқан. Олар бастарынан кешкен ауыр күндердің оқиғаларын баяндап, өздерімен әкелген деректерді естелікке қалдырады. Осы кісілердердің бір ауыз тілектері қабыл болды ма, қайдам, Қазақстанда 1993 жылы сәуірдің 14-і күні «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды.

2007 жылы Елбасы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен бұрынғы лагерь аумағында «АЛЖИР» мемориалдық музей кешені ашылды. Биыл музейге 15 жыл толды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты жазған мақаласында мынадай сөздер бар: «Барша қазақтың қарашаңырағы, тағдыры саяси қуғын-сүргіннің көкпар лағы болған сан түрлі ұлттардың саялы панасы Қазақстанның азаттығы бекем, келешегі кемел болған сайын, өткен заманның ақтаңдақ беттері айқындалып, «жел айдаған қаңбақтың» күйін кешкен қорғансыз, дәрменсіз замандар енді қайталанбас өткен шақ ретінде қарастырылары сөзсіз. Жазықсыз жапа шегіп, жалғаннан ерте озған миллиондаған мұнлықтардың рухы шат болғай».

Деректер Целиноград ауданының мемлекеттік архивінің сақату қорынан 1989 жылы «Призыв» газетінің №126 ба-сылымында көрсетілген деректерден алынған.

Бибижамал АЙБЕК,
архивист.